



Автокөліктегі өрттер

Біріз ауданында 2024 жылы 18 өрт оқиғасы тіркелсе, оның 7-еуі автокөліктегі өрттер болып саналады.

Автокөліктер өте тез жанады және металл тапсыратын орынға тапсыру үшін бірнеше минуттың өзі жеткілікті. Егер автокөлікте қосымша бензин құйылған канистр, синтетикалық әртүрлі материалдар болса, 1,5 минуттың ішінде-ақ толық жапыр кетеді. Кейде сұйық отын құбырына жеткенше сымдар жүйесі бықып жалын көрінбей жасырын және кідірген түрде өрт пайда болады. Егер автокөлік көліктер жинақталған орында тұанса, өсірсөз көлікті басқа көліктерден алшақтату мүмкін болмаса, онда өрт қауіптілігі жоғарылайды.

Автокөліктегі кез келген өрт астына ағып жатқан бензин, май немесе түтін иісінен басталады. Иіс- ол қауіп жөніндегі алғашқы және кейде жалғыз ғана белгі. Иісті сезген бойдан машинаны тұтатып, моторды сөндіріп, автокөлікті қарап негіз болған иіс себепін тауып, жою қажет.

Көбінесе, өрт қарапайым өрт қауіпсіздігі тәртіптерін сақтамаудан және электр желілерінің қысқа тұйықталуы, сұйық отынға берілетін жүйенің шығып кетуі, салонда темекі тарту, тезтұтанатын жүктерді тасуды ұқыпсыздық, сұйық отынның төгілуі мен жауынуы, машинада сақталған майланған шүберектің өзіннен тұтануы секілді себептерден басталады. Қысқы кезеңде жаңудың әдеттегі себептеріне суықтан қатып қалған қозғалқыштарды дәнекерлерлейтін шам немесе ашық отынның басқа да көмегімен қыздыру болып табылады.

Автомобильде өрт пайда болған жағдайда және өрт сөндірушілер келгенше қандай іс-әрекеттер жасау керек? Егер қозғалыс кезінде автомобиль жанса, ондай жағдайларда:

-Тез арада тоқтап, барлық жолаушылар салонды шығып кетуі қажет.

-101 немесе 112 кезекшілік қызметіне қоңырау шалу, уақытты жоғалтпау үшін жанындағы адамнан сұрауға болады.

-Қозғалқышты өшіріп, капот құлыпнан босатып, аккумулятор батареясын ажыратып және өрт сөндіргіш құралды қолдану керек. Сондықтан да, тез тұтанатын сұйықтықтар мен электрқұрылғыларын өшіруге арналған бір литрден кем емес сыйымдылықтағы өрт сөндіргіш құралын өзіңізбен бірге алып жүру ұсынылады. Өрт сөндіргіш құралдың көлемі үлкен болған сайын, жанып кетудің алдын алу мүмкіндігі артады.

-Қозғалқыш бөлігіндегі өртті өшіруге суды қолданбаңыз, ол - электр желілерінің қысқа тұйықталуы және жанып жатқан бензиннің жайылуы мен жану алаңының үлкеюне әкелуі мүмкін.

-Егер жалын сұйық отын орналасқан машинаның артық бөлігін қамтыса, тез арада автомобильден аулақ кетіңіз.

-Егер автомобиль гаражда жана бастаса, онда сыртқа итеріп шығарып өшіруге көшіңіз.

-Егер сол сәтте маймен немесе бензинмен жұмыс жасаған болсаңыз, өртті өшіруге тырыспаңыз. Автомобильден бұрын өзіңіз жанып кетуіңіз мүмкін.

Жанып жатқан өз автомобиліңізді құтқару үшін жақын маңдағы өрт сөндіру бөлімі немесе су жиналған жерге дейін өз бетіңше жүріп жетуге әрекет жасау өте қауіпті. Егер оған дейін бар болғаны үш жүз метр, тіпті жүз метр қалса да! Есте сақтаңыз, жанып жатқан машинамен жолды жалғастыраты, өз өміріңізге қауіп төндіру!

Біріз ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЕСКЕ АЛУ

Ақдаулетов Әкімжан Бекжанұлы
(27.01.1977 ж. – 27.07.2023 ж.)

Сыйластығы мен адамгершілігі мол жан болған Әкімжан досымды 48 жасқа толар туған күнінде сағына еске аламын... Алла ортамызда жүруді жазбады. Иманы жолдасы болсын. Ұрпақтары мен жары Мәдинаға қуаныштар көруді нәсіп етсін...

Еске алушы, барлық достарының атынан
досы Руслан Ұзақбаев

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, Т.Жүргенов атындағы ЖББО мектебінің ұжымы және Белшер НО мектебінің ұжымы аталған мекемелердің педагог, қызметкерлері Шарғенов Сәбит пен Шарғенова Ләззатқа

ағалары Шарғенов Ғабит Қайнадинұлының қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, Т.Жүргенов атындағы ЖББО мектебінің ұжымы аталған мекемелердің педагогы Өтешова Тоғанға **енесі Бимаханова Айманкүлдің** қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.



«Ауру – астан, дау – қарындастан...»

Осы қазақ нақылын үлкендерден жиі естігенмен, жіті мән бере бермейміз...

Қазіргі уақытта қоғамдық орындарда оқушы балалардың астан улану фактілері жиілеп кетті. Біздің мақсат – қолайсыз, адам денсаулығына зиян келтіретін жағдайлардың алдын алу, кеңес беру, түсіндіру...

Тамақтан улану көбінесе сақтау мен пісірудің дұрыс жүргізілмеуінен болады. Улануға әкелетін ең көп таралған тағамдар - ет, құс еті, балық немесе шикі тауық жұмыртқасы. Ересектерден айырмашылығы, балалар тамақтан тезірек уланады, сонымен бірге зиянды қоздырғыштар мен токсиндермен күресу көбінесе денсаулығын нашарлатады және уақтылы медициналық көмек болмаған кезде ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

Симптомдарына мыналар жатады:
• жүрек айну және құсу;
• сұйық нәжіс;

• іштің құрысуы;
• шамадан тыс ұйқышылдық;
• асқазан-ішек жолындағы ауырсыну;
• қалтырау және дене температурасының жоғарылауы;
• бас ауруы және бас айналу.

Барлық белгілер әдетте бір уақытта пайда болады.

Кеңес: Балалардағы тамақтан улану көп жағдайда жұқпалы болғандықтан, отбасының басқа мүшелерін инфекциядан қорғау керек. Мұны істеу үшін қолыңызды үнемі жуыңыз, дөретхананы зарарсыздандырыңыз және жеке ыдыс-аяқ қолданыңыз.

Тамақтан улануды болдырмау үшін жасқа байланысты диета ұстаныңыз. Балаңызға «Доромарин» препаратын беріңіз. Түімді препарат ас қорыту жүйесіне (асқазан-ішек жолы) енетін әртүрлі жұқпалы аурулар мен қоздырғыштарды жетуге көмектеседі. Осылайша азаның интоксикациясына жол бермейді.

Біріз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Жолдыбай Талғат Сәбитұлы

Аудандық «Біріз» газетіне жазылу науқаны басталды!

| Индекс | Санаты | 8 ай | 12 ай | 8 ай | 12 ай |
|--------|---------------|-------|--------|------|-------|
| 65511 | және тұлға | 32078 | 64158 | 3320 | 6640 |
| 66511 | заңды тұлға | 55478 | 110958 | 5680 | 11320 |
| 67511 | жеңілдетілген | 28858 | 53718 | 2798 | 5588 |

І-қосылған бағаммен арқылы жазылу алақтары!

«Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының ұжымы «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ералына Бақыт Төлепбергелқызына **анасы Ералына Сәбира Бижанқызының** дүниеден озуына байланысты отбасына, тума-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық білім бөлімі мен аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы және аудандық білім қызметкерлері ардагерлері кеңесі, Т.Жүргенов атындағы ЖББО мектебінің ұжымы аталған мекемеленің педагогы Сағынаев Нұрсұлтанға ағасы, **ардагер ұстаз Байманов Абай Сағынайұлының** қайтыс болуына байланысты оның отбасына, ағайын-тумасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

БІРҒЫЗ

Меншік иесі: «Үркер» ЖШС

Директор Ғалымбек САРБҮПИН

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 12.01.2017 жылы тіркеліп, №16292-Т кәсіптік берілген.

Редактор: Сарбүпин Ғалымбек Ахметұлы

Тілші Тұрсынбек Ақдаулетов tursynbek-73@mail.ru

Дизайнер Нұргүл ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА

Мекен-жайы: 030400, Ақтөбе облысы, Біріз ауданы, Біріз селосы, Амангелді көшесі, 1. Байланыс телефондары: 8-(713-43)-21-4-98 (факс) Газет жарияланымдыдағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. © irgiz@mail.ru @ irguz_gazeti Ғ Біріз Газеті Сайт: https://irguz.kz/

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1171 дана. Тапсырыс №105 Көлемі 1 баспа табақ, ИНДЕКСІ 65511

«Хабар-Сервис» баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Смағұл көшесі, №9/2

Басылу сапасы жөнінде 40-04-00 телефонына хабарласуға болады.

БІРҒЫЗ



Газет 1930 жылғы 30 қыркүйектен бастап шығады

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№4 (8333)

28 қаңтар, сейсенбі 2025 жыл



Түйткілді тақырып талқыланды

Отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесі әрбір мемлекет пен қоғам үшін аса маңызды, ешқашан өзектілігін жоймайтын басымдық. Өйткені, бала біріншіден ата-ананың үміті, өмірлерінің жалғасы болатын болса, сондай-ақ бала мемлекеттің де болашағы, егемен елдің ертеңгі солардың қолында.

Осы орайда бүгін аудандық орталық кітапханада аудан әкімдігімен «Жас ұрпақ тәрбиесі мен отбасының өзекті мәселелері» тақырыбында «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Оған аудан әкімінің орынбасары С.Қонақбаев, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Әттіев, жауапты сала басшылары мен мамандары, қоғамдық ұйымдар, білім және мәдениет салаларының жастардың өкілдері қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Қонақбаев аталған мәселенің өзектілігін атап өтіп, қоғамдағы ұрпақ тәрбиесіндегі кемшіліктің туластарға тоқталды. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны, көрсетер үлгісі, өжені тәрбиесіні, шаңырақтың шайқалуына соқтыратын теріс әдеттер, өне мен келін арасын

дағы сыйластық, аға буынның ұрпақ тәрбиесіне ықпалы т.б. мәселелерге байланысты ойларымен бөлісті.

Аудандық медиа және тұтынушылар құқықтарын қорға кабинетінің меңгерушісі Л.Ізімғалиева, еңбек ардагері С.Қоблашов, аудандық Аналар Кеңесінің төрайымы З.Махаева, мүшелері Б.Оразмағанбетова, А.Төкешова, «Біріз» газетінің қызметкері Р.Ұзақбаевтар ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Шара барысында қоғамдық ұйымдар алдағы уақытта жас ұрпақ тәрбиесінде бірлесіп іс қылуға уағдаласып, бірлескен үндеу қабылдады.

«Біріз-ақпарат»

БИЫЛ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ — 80 ЖЫЛ!

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі, - деп хабарлайды madeniportal.kz Аққорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Президенттің айтуынша, соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр... «Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғырту да маңызды. Қазір көптеген мемлекетке өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып барады. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз еңгімелер көбіне түсті. Қазақстан ерқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды... Төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін ашу

үшін жүйелі жұмыс жасалып жатыр. Өткенді саралап, оған шынайы баға берудің маңызы зор. Сол үшін мұрағат материалдарын мұқият зерттеу қажет. Осы орайда «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасын ерекше атап өткім келеді. Жобаға Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Бақтықожа Ізмұхамбетов жетекшілік етеді. Зерттеушілер бұл жұмыспен отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. Осы кезеңде Қазақстанның шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған...» - деді Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев.

Біріз ауданының барша тұрғындарына, ата-аналарға ҮНДЕУ

Біріз аудандық аналар кеңесі аудандық ардагерлер кеңесімен, Өжелер алқасымен, «Қазақ аналары - Дәстүрге жол» қоғамдық ұйымы аудандық бөлімшесімен және мұраттас өзге де ұйымдармен бірлесіп отырып осы Үндеуді жариялап отыр.

Өр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Біз осындай ұлы борышымызды терең сезіне отырып, елінің ертеңі үшін, ұрпағының келешегі үшін алаңдайтын әрбір ырғыздыққа сөз арнаймыз.

«Ел боламын десең, бесіңді түзе» дегендей баршаңызды осынау аса жауапты іске немқұрайды қарамауға, отбасы институтының беріктігін нығайтуға және өнегелі ұрпақ тәрбиелеуге бірлесіп атсалысуға шақырамыз.

Ол үшін әр отбасындағы ерлі-зайыптылар өзара татулықта, келісімде болуының маңызы зор. Өкені сыйлауды, ананы құрметтеуді, үлкенді тыңдауды, кішіге ізет көрсетуді бесіктен бастап дұрыс ұғандыра білуіміз керек.

Сіз бен біз болып ұмыт боп бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту жолында күш біріктірейік. Балаларымызға ертегі айтып, жеті атасын жаттатайық, бесік жырымен ұйықтатайық. Туыстық атауларын үйретіп, амандасу әдебін, қолға су құю сияқты әдеп ережелерін естеріне салайық.

Балаларымызды буллинг, әлеуметтік желідегі әдепсіз контенттен, алаяқтар мен қауіпті ағымдардың жетегінен қорғайық. Оның бір жолы - ұл-қыздарымыздың телефонда өткізетін уақытын қадағалау болса, екінші жолы - баланы еңбекке баулу.

Бала көргенін істейді. Сондықтан ең әуелі өзімізді түзейік. Жаман әдеттерден арылып, ісімізбен, сөзімізбен үлгі болайық. Ішімдіктің немесе ойынның соңына түсіп, отбасының ойрдалуына жол бермейік. Өсек-аяң, сауықшылдық, отбасындағы кейбір келіндердің кешкі мезгілде отағасы мен балаларын үйіне қалдырып қыдыру секілді әрекеттерден аулақ болайық. Өке әке ретінде ұлға өнеге көрсетсін, ана ана ретінде қызын тәрбиелесін.

Құрметті жерлестер!

«Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деп дана халқымыз айтқандай, қолымызды мезгілінен кеш сермеп кейін өкініп қалмас үшін, бүгін баламыздың жанынан табылып, өзара сүйіспеншілігімізді арттыратын ізгі істерге бастамашы болайық!

